ғылымнан гөрі әдебиетке, өнерге, дінге жақын болады.

Даналықтың нақты көрінісі – түсінік. Адамға қатысты нәрселердің бәрін Абай терең түсінеді. Абай туындыларында адам туралы, өзі айтқандай, «адамның кейбір кездері» туралы, уақыт туралы, адамның дүниедегі орны туралы, дүние, өмір, ар-ұят, махаббат, білім-ғылым, дін туралы таңғажайып түсінік бар. Абайдың «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да» – деген сөзінен махаббаттың не екенін аңғаруға болады. Мұндай түсінік оқудың барлық жолдарынан өткен бүгінгі адамдарда жоқ.

Білім, ғылым болар, бірақ, түсінік жоқ. Демек, қазіргі адамдардың даналықтан хабары да жоқ. Олар даналықты қажет құндылық деп білмейді. Білім, ғылым болса, кәсіп, мамандық болса болды, осының өзі жетеді деп ойлайды. Даналық, түсінік болмаған соң, адамдардың арасында, қарым-қатынасында шынайылық, табиғилық жоқ. Оның есесіне жасандылық көп. Адам артист немесе біреудің еркімен әрекет жасайтын робот болып барады. 2016 жылы 100 томдық «Бабалар сөзі» мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып еді. Комиссия оны лайық емес деп тапты. Міне, біздің даналыққа көзқарасымыз.

Философия даналық арқылы, түсінік арқылы адамды адам болып өмір сүруге, адам атын ақтауға үйретеді. Тап осындай даналық философиясы, түсінік философиясы Абайда, оның шығармаларында бар. Бізге қазір де осындай философия қажет. Бұрын философия әмбебап ғылым болғысы келді. Бәрін қамтуға тырысты. Жоқ. Бұл – біз таңдайтын жол емес. Қазақ философиясы қазір де, болашақта да Абай жолымен дамуы қажет деп айтатыным содан. Менің бір мақалам «Қазақ философиясының үлгісін Абайдан табуға болады» деп аталады. Енді Абай туындыларынан ақынның ойшылдығын, даналығын, терең түсінігін, тәлім-тәрбиелік өнегесін сипаттайтын ұлағатты сөздерін келтірейін:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Талай адамның басынан өткен, талай адамды өкіндірген нәрсе. Жастар да Абайдың сөзіне ден қойса дұрыс болады. Ғылымды меңгеретін кез 50-60 жас емес, қазіргі студенттердің докторанттардың жасы. Есейгенде тек ғылымды іске асыруға болады.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!

Қанша айтса да жастарға жетпей жатқан, бірақ, ешқашан да ескірмейтін шындық осы. Елімізде отбасын құрған жастардың жартысына жуығы көп ұзамай, ажырасып жатыр. Сонда үйлену ойыншық болғаны ма? Спектакль ме? Демек, жастар адамның мінезіне, кісілігіне қарап үйленбейді, лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ереді деген сөз. Тағы да сол, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінен үзінді келтірейін:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба,
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

«Атасына қарап ұлын ал, анасына қарап қызын ал» деген осы. Ар-ұят туралы Абай өлеңдерінде де, қара сөздерінде де жиі-жиі сөз болады.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Мен студенттерден «осы жолдар Абайдың қай өлеңінен» деп әлденеше рет сұрадым. Ешкім айта алмады. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінен ғой. Демек, студенттер көркем әдебиетті, Абайды оқымайды деген сөз. Сонда тәрбие қайдан болады? Жастар қайдан үлгі алады? Абай он сегізінші сөзінде: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – деп жазады. Тайға таңба басқандай етіп айтылған шындық. Отыз алтыншы сөзінде Абай хадистегі «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген сөзді келтіреді. Сосын «ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы» деген тұжырым жасайды. Демек, ұяты жоқ адамды хайуанға қосуға болады. Ұялмайтын, қызармайтын адамдар айналада толып жүр. Міне, Абай адамға қандай биік талап қояды! Абай замандастарын, кейінгі ұрпақтарды – білім, ғылымды игеруге, орыс тілін, бүгінгіше айтсақ, шет тілдерін

меңгеруге шақырады. «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», – дейді 25 сөзінде.

Абайдың сол кездің өзінде-ақ терең ойды алға тарта беруі – таңқаларлық жайт. «Терең ой, терең ғылым іздемейді», – деп қазақты кінәлайды. «Ынсап, ұят, терең ой, ойлаған жан жоқ, жауып қой», – деп тағы айтады. «Малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса, тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса», - деп өз ойын тағы қайталайды. «Терең ойдың телміріп, соңына ермей», – адамның ісі бітер ме дейді. Мұндай талапқа сол кездің адамдары түгіл бүгінгі заманның адамдары да жауап бере алмайды. Абайды өз уақытын басып озған данышпан десек, артық болмас.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деп басталатын өлеңін бәріңіз де, бәріміз де білетін сияқтымыз. Бірақ, Абайдың сөздері санамызға сіңбей, басшылыққа алынбай, жаттанды сөз болып қалған сияқты. Әйтпесе, әрбір сөзі саф алтын ғой! Осы өлеңнің алғашқы жолдарын келтірейін:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз...

Шын ғалымға мақтанудың қажеті жоқ. Ол өз орнын біледі. Ғылым таппай мақтанып жүргендер казіргі қаптап кеткен жалған ғалымдар. Бірде-бір мақала жазбаған, бірақ, басқаның еңбегін пайдаланып, доктор, академик атанып жүргендер қазір жетеді.

Абай ғылымды адам үшін де, қоғам үшін де өсіп жетілудің бірден-бір шарты деп есептейді. Оныншы сөзінде «ғылымсыз ахирет те, дүние де жоқ» дейді. Ахирет арабша болашақтағы өмір, шынайы өмір дегенді білдіреді. Ғылым бізде әлі алдыңғы орынға шыға қойған жоқ. Ғылымға бөлінетін қаражат жағынан біз көп елдерден артта қалып қойдық. «Орын таппай баптанба» – дейді Абай. «Орын» деген философияда жай сөз емес. Оның терең мәні бар және салмағы ауыр: әр нәрсенің дүниедегі орны, адамның дүниедегі орны, олардың біріне-бірі лайық болуы – қай кезде де күрделі мәселе. Абайдың осы «орын» деген ұғымға мән беруі – даналық. Абай атап көрсеткен «бес дұшпан»: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бүгін де біздерге, қазақтарға әл берер емес. Олармен күресу ойымызға да кірмейді. Біреу бізді мақтаса, артық екенін біліп тұрсақ та, мәз боламыз.

Абайдың адамға қойған талаптары бүгін де өзекті болып табылады. Адам бүгін де, болашақта да адам болу үшін Абай ұсынған бес асыл істі игеруі керек. Абай философиясының өзегі болып табылатын «Адам бол!» деген идеясы бар. Адам әзір күйде туа салмайды, адам болып қалыптасады. Философияда адам болу сатыларын бейнелейтін индивид (пенде деуге болады), индивидуалдық (даралық) және тұлға (кісі) деген ұғымдар бар. Адам болу екі жақты процесс. Бір жағынан, бұл қоғамға, отбасына, ата-анаға, солар арқылы қалыптасқан жағдайға байланысты. Екінші жағынан, адамның өзіне – оның ынтасына, жігеріне байланысты. Адамды сырттан күштеп, зорлап, адам қыла алмайсың. Адамды күштеп инабатты, мәдениетті қыла алмайсың. Адамды зорлап оқытып, маман қыла алмайсың. Оқу да, ғылым да, өнер де, кәсіп те – бәрі де ынта-жігерімен, талаппен келеді. Абай не дейді: «Кісіде бар болса талап, отырмас ол бойын балап. Жүрер, әрқайдан ізденер, алар өз сүйгенін қалап» - дейді.

Адам еңбек етеді, өседі, жетіледі, бақытты болады. Бақытты болудың сенімді жолы – еңбек. Еңбек – Абай іліміндегі киелі ұғымдардың бірі. Адамға еңбектің қай түрі де жарасады. «Тәуелсіз, талапсыз мал табылмас, еңбек қылмас, еріншек адам болмас», – дейді Абай. «Бейнет көрмей, дәулет жоқ», – деп тағы айтады. «Болмасын кекшіл, болсайшы көпшіл. Жан аямай кәсіп қыл. Орынсыз ыржаң, болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет, нәсіп бұл? Еңбек қылсаң ерінбей – тояды қарның тіленбей» – дейді. Даналық деп біз осыны айтамыз. Адам болудың, өсіп жетілудің тағы бір шарты – қанағат. Қанағат деген бәрінен бас тарту емес. Қанағат деген анаған да, мынаған да алаңдамай, бар күш-жігерді бір мақсатқа